



БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

GRI 2-6



ҚҰЗЫРЕТ:

- инвестициялық жобаларды іріктеу, талдау және бастау;
- құрылыс жобаларының барлық кезеңіне серіктестер мен мердігерлерді тарту;
- жылжымайтын мүлікті тұтынушыға тапсыру;
- жылжымайтын мүлік нарығын талдау;
- баға мониторингінен бастап, құрылыс жұмыстары мен материалдарының сапасын бақылау, нысандарды қолданысқа беру мен күтуге дейінгі құрылыс саласындағы жобаларды басқару;
- жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдармен жұмыс істеу;
- құрылыс барысын бақылау және бизнес процестерді автоматтандыру;
- бірінші деңгейдегі жауапкершілікті талап ететін техникалық және технологиялық тұрғыдан күрделі объектілерде техникалық қадағалау мен инжинирингтік қызметтер.

РЕСУРСТАР

КАДРЛЫҚ-ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

253 бірліктен тұратын өндірістік қызметкерлер штаты құрылды.

253

бірлік



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ



ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ



МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРҒА ҚАТЫСУДЫ АЯҚТАУ

ҚЫЗМЕТТЕР



«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ТОБЫНА КІРЕТІН КОМПАНИЯЛАРДЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫН, ҮЛЕСТЕРІ МЕН АКЦИЯЛАРЫН, ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢДЕГІ, ЯҒНИ ЖОБАЛАНЫП НЕ ЕНДІ ТҮРҒЫЗЫЛЫП ЖАТҚАН ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛКІН БАСҚАРУ



ЖАЛҒЫЗ АКЦИОНЕР

Берілген кредиттік желілер бойынша негізгі борышты және сыйақыны кестеге сәйкес уақтылы өтеу.

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ

Жобалау, оларды басқару, құрылыс жұмыстарын жүйелеу, шығындарды оңтайландыру, портфельдік компанияларды бейінді емес қызметтен босату.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ АТҚАРУ ОРГАНДАРЫ

Ұлттық жобаларды, мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру. Тұрғын үйлер мен әлеуметтік объектілерді уақтылы пайдалануға беру.

СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР ТАЛАБЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ

ТҮРҒЫНДАР

Апатты жағдайдағы тұрғын үйлер мен әлеуметтік объектілерді, орта білім беру ұйымдарында оқушы орындарының тапшылығы мен үш ауысымды оқытуды жою. Елді мекендерде жаңа жұмыс орындарын ашу.

СЕРІКТЕСТЕР

Шарттағы міндеттерді уақтылы орындау.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Тәжірибе мен біліктілікті арттыру, лайықты еңбек жағдайын жасау.



ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

2023 жылғы 31 желтоқсанда Қоғамның жарғылық капиталы 19 990 162 мың теңгені құрады.

Қоғамның 100% акциясы «Самұрқ-Қазына» АҚ тиесілі.

Жарияланған және орналастырылған акциялардың жалпы саны – 16 247 541 дана, оның ішінде:

- Номиналды құны 1 000 теңгелік акциядан 15 000 000 дана;
- Номиналды құны 4 000 теңгелік акциядан 1 247 540 дана;
- Номиналды құны 2 490 теңгелік акциядан 1 дана.

Сипатталған акциялар – жай акциялар.

Қоғамның бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ жүргізеді.



ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

2023 жылы Қоғам «Самұрқ-Қазына» АҚ дивидендтік саясатына сәйкес Жалғыз акционерге 2022 жылдың 6 437 115 мың теңге көлеміндегі 100% дивидендтерін төледі. Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшері 396,2 теңгені құрайды.